



«Келіседі»

«Дарын» РҒПО директоры  
м.а. Ш.Қирабаева

**«Индустрия 4: STEAM білім берудегі технологиялар»  
атты жыл сайынғы О.А.Байқоңыров атындағы  
республикалық ғылыми-практикалық конференциясын  
ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

**Жалпы ережелер**

1. «Индустрия 4: STEAM білім берудегі технологиялар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы (бұдан әрі-Конференция) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен, «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, Қарағанды облысының білім басқармасымен және білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен ұйымдастырылып өткізіледі.

2. ҚР бірінші президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында 10 басым бағытты атап көрсеткен. Бұл Жолдаудың негізгі мазмұны қазіргі жаһандық жағдайда әлем елдерінің көшінен қалмай, ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық салаларды дамыту және адами капитал – жаңғыру негізі екендігін атаған. Конференцияны ұйымдастыру ХХІ ғасырда экономикалық дамудың негізгі қозғаушы күші болып табылатын адами әлеуеттің сақталуына және өсуіне ықпал етуге арналған.

3. Конференцияның серіктестері: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды экономикалық университеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған мемлекеттік университеті.

4. Республикалық ғылыми-практикалық конференция 2019 жылдың 07-08 қараша күндері Қарағанды облысы Жезқазған қаласында өткізіледі. Конференцияға қатысу үшін өтініштер, баяндамалар төменде берілген үлгі бойынша 2019 жылдың 14 қазанына дейін қабылданады.

**Конференцияның мақсаты мен міндеттері**

4. **Конференция мақсаты:** заманауи Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының іргелі факторы ретінде адами капиталды дамытуға ықпал ететін шығармашылық бастамалар және идеялармен алмасу, тиімді педагогикалық іс-тәжірибені тарату және анықтау.

**Конференция қатысушылары**

5. Конференцияға білім беру ұйымдарының, республикалық маңызы бар мектептердің, халықаралық мектептердің педагогикалық қызметкерлері қатыса алады.

6. Республикалық конференцияға үміткерлер ұсынылады:

- мектептің педагогикалық ұжымымен;
- облыстық білім басқармасымен, «Дарын» аймақтық ғылыми-практикалық орталығымен, облыстық оқу-әдістемелік орталықтарымен, «НЗМ» ДББҰ басшылығымен.

### **Конференция жұмысының негізгі бағыттары**

7. Конференция жұмысының бағыттары, тақырыптары жыл сайын ұйымдастыру комитетінің конференцияның аясында алдын-ала педагогикалық және ғылыми қоғамдастықтың қызығушылығына қарай жүргізілген мониторинг негізінде анықталады.

8. Конференцияның негізгі бағыттары мен пікірсайыс алаңдары:

**1) «Өлкетану – ұлттық жаңғыру»** (Идеясы: Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеулерін дәріптеу. Жаңа туристік бағыттар жобаларын дайындау. Киелі атамекен жерлерінің үздік таныстырылымдық бағдарламаларын жасау. Жергілікті өлке тарихын насихаттау. Кішкентай Отанға байланысты тың ақпараттарды жариялау. Өнегелі өлке азаматтарын дәріптеу).

**2) «Ақылды технологиялар – еңбек өнімділігін дамыту мүмкіндігі»**

(Идеясы: Цифрлық технологияларды орынды пайдалану, жетілдіру, дамытуға жағдай жасау. Шаруашылықтың еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталатын технологияларды жобалау. Ауыл шаруашылығын жетілдіру, дамыту бағдарламалары);

**3) «Ұлы дала мәдениеті»** (Идеясы: әлемге елімізді тек мұнай ресурстары және ірі сыртқы саяси бастамалар бойынша ғана емес, ұлттық мүддеміз, тарихымыз, әдебиетіміз, архитектура, қылқалам, музыка, қолөнерімізді дәріптеу. Мәдениет саласы бойынша ғылыми, тың жаңалықтарымызды паш ету. Рухани, мәдени жетістіктерімізді таныту).

**4) «Заманауи математика-жаратылыстану ғылымдарының дамуы»**

(Идеясы: Қазақстандағы математика-жаратылыстану бағытындағы ғылымды дамыту және оны әлемдік деңгейге жеткізу жолдарын бағдарлау, жобалау. Осы ғылымның өзара қоғаммен қарым-қатынасын нығайту, даму мүмкіндіктерін анықтау, саралау. Үштілділікті дамытудың тың жобалары, тіл саласы арқылы оқытуды жетілдіру).

**5) ХХІ ғасырға лайықты тәрбиенің сапалық негізгі хабарламалары: «Рухани жаңғыру»** (Идеясы: азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, еңбек, эстетикалық, зияткерлік (саналық), дене бітімдік, құқықтық, көпұлтты және ұлттық тәрбие беруді қамтиды)

### **Конференцияны өткізу формасы және мазмұны**

9. Конференция өткізілу тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері болып табылады.

10. Конференция қатысушыларының баяндамалары Конференцияның таңдалған бағыттарына сәйкес ұйымдастырылады.

11. Баяндама жасау және пікірталас алаңдарын өткізу кезінде Конференция қатысушыларына келесі талаптар қойылады:

- ұсынылған іс-тәжірибенің өзектілігі;

- талқыланатын салада негізгі мәселелерді анықтау;
- жұмыс тәжірибесі туралы ақпараттармен алмасу;
- проблемаларды шешу жолдарын талқылау, ұсыну;
- зерттеулердің нәтижесі;
- практикалық тәжірибенің мәні, оның технологиясы: нақты педагогикалық іс-әрекеттер жүйесі, ұйымдастырылуы, мазмұны, формалары және жұмыс жасау әдістері;
- конференцияның Ұсынымдарын шығару үшін ұсыныстарды қабылдау.

12. Сөз сөйлеу кезінде компьютерлік презентацияларды қолдануға болады.

13. Сөз сөйлеу регламенті – 7 минут.

14. Конференцияның барлық қатысушылары қатысқандығы туралы Конференцияның арнайы сертификаттарын алады.

15. Конференция жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

### **Конференцияны Ұйымдастыру комитеті**

16. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ Конференцияға ұсынылған материалдардың бағалау критерийлерін әзірлеу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

17. Ұйымдастыру комитеті Конференцияның өткізілу тәртібін, формасын, орнын және күнін анықтайды, қатысушылар тізімін бекітеді.

18. Ұйымдастыру комитетіне «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Қарағанды облысының Білім басқармасының өкілдері кіреді.

### **Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі**

19. Конференцияға қатысу үшін өтініштер, баяндамалар берілген үлгі бойынша **ағымдағы жылдың 14 қазанына** дейін [umc-go@umckrg.gov.kz](mailto:umc-go@umckrg.gov.kz) электронды поштасына жіберілуі қажет.

<b>О. А. Байқоңыров атындағы «Индустрия 4: STEAM білім берудегі технологиялар» атты жыл сайынғы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысушының сұранысы</b>	
Автордың (-лардың) тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
Мақала, жоба атауы	
Секция атауы және нөмірі	
Бет саны	
Жұмыс орны (оқу) (толық)	
Лауазымы	
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Пошталық мекен-жайы (индекспен бірге)	
Байланыс телефоны	
E-mail	

20. Көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен жұмыстар қабылданбайды.

21. Конференция қорытындысы бойынша баяндамалар, мақалалар жинақ болып шығарылады.

#### **Мақалаларды безендіруге қойылатын талаптар**

22. Жіберілген мақалалар, баяндамалар келесі түрде безендіріледі: бет форматы – А 4; шрифт Times New Roman; қаріп өлшемі – 14; жоларалық интервал – 1; теңестіру ені бойымен; азат жол – 1,25; мәтіндік редактор өлшемі: жиегі – 2 см; **МАҚАЛАНЫҢ; ЖОБАНЫҢ АТАУЫ** (бас әріптермен, қою әріптермен, теңестіру жолының ортасында жазылады); баяндама тақырыбынан кейін автордың аты-жөні, ғылыми жетекшінің аты-жөні, жұмыс орнының толық аты-жөні (оң жағына туралау, шрифт көлемі – 12, курсив) көрсетіледі.

*Безендіру үлгісі*

#### **МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫ**

*А.А.Айтбаев, физика пәнінің мұғалімі,  
ғылыми жетекші, пед. ғылымының кандидаты Б.Б.Берікбаев,  
№1 мектеп-гимназиясы,  
Қарағанды қ.*

#### **Мақала мәтіні**

- сілтемелер, ескертулер және қолданылған әдебиеттер тізімі мақаланың соңында әліпбилік ретпен нөмірленген тізімде (**сілтеме түрінде емес!**) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер әдебиеттер тізіміндегі нөмірі және бет саны көрсетіліп, тік жақшаларда беріледі., мысалы: [2: 181]

## Әдебиеттер тізімін безендіру үлгісі:

### Әдебиеттер:

1. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең. – Алматы, 1996.
2. Немировский В.Г. Современная социология и российская культурная традиция // СОЦИС. – 1994. – № 3. – С. 23-29